

ӘОЖ 81'373

ҒТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.009>

## ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ ЕРТЕГІЛЕР МӘТІНІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК СТРАТЕГИЯЛАР

\*Жетесова Ж.А.<sup>1</sup>, Исакова С.С.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жануарлар туралы қазақ халық ертегілерінде жүзеге асатын коммуникативтік стратегиялар менталдық қарастырылады. Ертегі мәтіндерін талдау нәтижесі коммуникативтік стратегия диалог түрінде басым орын алатынын көрсетті. Зерттеу мақаланың мақсаты жануарлар туралы ертегілер мәтініндегі коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың жасалу жолдарын айқындау. Мақаланың ғылыми және практикалық маңызы жануарлар туралы ертегілерді талдаудан және коммуникативтік стратегияның бес түрлі тактикасы анықталған. Зерттеу әдістемесінде жалпы ғылыми және арнайы лингвистикалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Синтез, бақылау, анализдеу, сипаттамалық, контекстік-интерпретациялық, конверсиялық талдау әдістері аясында жануарлар туралы ертегілердегі коммуникативтік стратегиялар анықталған. Жануарлар туралы ертегілер В.Я. Пропп, С. Қасқабасов теорияларымен қарастырылды. Коммуникативтік стратегия ұғымы О.С. Иссерс, Е.П. Ильин пікірлеріне негізделген. Зерттеу негізінде коммуникативтік стратегиядағы мынадай бес түрлі тактика анықталды: бағалау, мақтау, ұсыныс, сендіру, өтініш. Сонымен бірге ертегі кейіпкерлерінің диалог құрудағы ерекшеліктері кезінде де бес түрлі тактика қолданылады. Коммуникативтік стратегияның бірі әрі негізгісі – бағалау категориясы. Аталған ұғымды қарастыра отырып, коммуникативтік стратегиялар ретінде сөйлеушінің бағалау стратегияларын жүзеге асыруға ықпал ететін жағымды/жағымсыз әрекеттерге, құбылыстарға, объектілерге қатысты сезімдері мен коммуникативтік көзқарастарын білдіруге негізделген экспрессивті мақсаты бар сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы деп түсінеміз. Осылайша жануарлар туралы ертегілердегі мақтау тактикасының бағалау пәні – адамның адамгершілік және ақыл-ой қасиеттері, іс-әрекеттері, адамның сыртқы келбеті немесе мінез-құлқы. Зерттеу мақала нәтижелерінің практикалық маңыздылығы филология саласында ертегілердегі коммуникативтік стратегия, ертегі кейіпкерлері арасындағы тактика ұғымдарын нақтылай түседі.

**Тірек сөздер:** коммуникативтік стратегия, тактика, бағалау, диалог, мақтау, сендіру, өтініш, ұсыныс

### **Кіріспе**

Ертегілердегі қарым-қатынас стратегиясы диалог арқылы жүзеге асады. Ертегі мәтіндерін қарастыра отырып, ертегі кейіпкерлерінің болмысы, тұлғасы, мінезіне тән ерекшеліктер айқын ажыратылып, қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Коммуникативтік стратегиялар ертегі кейіпкерлерінің мінезіне сай көрініп, өмірін сақтап қалуға тырысу әрекеттерімен анықталады. Интерпретациялық талдау, конверсиялық талдау арқылы ертегі кейіпкерлерінің коммуникативтік стратегия тактикалары мен оның жүзеге асырылуы көрінеді. Жағымды коммуникативтік жағдайда, негативті жағдайда ертегі кейіпкерлерінің коммуникативтік стратегиясы – көздеген мақсатына жету. Осы орайда коммуникативтік стратегия мен тактиканың ертегілердегі маңызы айқындалады.

Сөйлеу қарым-қатынасы әр адамның өмірінде маңызды орын алатындықтан лингвистикалық білім саласы ретінде ғалымдардың назарын өзіне аударады. Сөйлеуші бағалауды білдіру үшін қандай коммуникативтік тактика мен стратегияларды қолданатынын анықтау зерттеу мақалада ертегі дискурсы аясында анықталған. Зерттеудің өзектілігі ертегі дискурсындағы бағалау бірліктерін когнитивті-прагматикалық талдау және олардың ниетін анықтау қажеттілігіне байланысты. Зерттеудің мақсаты – ертегі дискурсындағы, оның ішінде жануарлар туралы ертегілерде коммуникативтік стратегияларды жүзеге асыру тактикаларын зерттеу. Қойылған мақсатқа сәйкес зерттеуде мынадай міндеттерді шешу көзделеді: 1) бағалау объектісі мен нысанасы тұрғысынан коммуникативтік стратегиялардың тактикаларын саралау; 2) ертегі кейіпкерлерінің сөйлеудегі коммуникативтік стратегиясын іске асыру тактикасын талдау.

Конверсиялық талдау коммуникативтік стратегияны сөйлеушінің жалпы мәселесін шешуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы ретінде және белгілі бір стратегияны жүзеге асыратын сөйлеу әрекеттері ретінде коммуникативтік тактиканы зерттеуді қамтиды. Осылайша коммуникативтік стратегия мен тактика сөйлеушінің жалпы және жеке ниетін білдірудің практикалық құралы ретінде байланысады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі «Піл мен маймыл», «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан», «Ақымақ қасқыр», «Сауысқан мен көкек», «Залым түлкі», «Өтеш пен тоты», «Ұлар мен қарға» сынды жануарлар туралы ертегілер алынды. Қойылған міндеттерді шешу үшін жалпы ғылыми және арнайы лингвистикалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Жалпы ғылыми әдістердің ішінде жұмыста синтездеу және талдау әдісі қолданылды. Бақылау әдісі зерттелетін бірліктердің сипаттамалық белгілерін анықтауға көмектесті; сипаттамалық әдіс – қарастырылып отырған нақты материалдың сипаттамалық белгілерін жүйелі түрде түгендеу үшін пайдаланылды.

Арнайы лингвистикалық әдістер шеңберінде контекстік-

интерпретациялық талдау – сөйлеушінің жасырын коммуникативті ниеттерін немесе көзқарастарын, оның ішінде манипуляциялық әсерін анықтау үшін; конверсиялық талдау – қазақ тіліндегі ертегі дискурс кейіпкерлері өздерінің коммуникативтік мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланатын стратегияларды айқындау үшін пайдаланылды. Осылайша ертегі дискурсындағы коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар айқындалып, бес түрлі әдіс негізінде талданады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Фольклордағы жануарлар туралы ертегілер жанрының түп төркіні адамзат тарихындағы аңшылық өмір кезеңінде жатыр. Жануарлар туралы ертегілер – ең көне жанр. Олардағы басты кейіпкерлер – жабайы немесе үй жануарлары, құстар, балықтар, жәндіктер, кейде өсімдіктер мен адамдар. Жануарлар туралы ертегілерді С. Қасқабасов үшке бөліп қарастырады: этиологиялық, классикалық және мысал ертегілер. Этиологиялық ертегілер аң мен құстардың пайда болуы, олардың сырт бітіміндегі, мінезіндегі ерекшеліктердің неден пайда болғандығы жайында әңгімелейді. Классикалық ертегілер балалар үшін айтылып, әрі танымдық, әрі сөйілдік қызмет атқарады. Ал мысал ертегілер моральдық қағиданы, әдептілікті уағыздайды [1]. Осы ретте, В. Я. Пропп жануарлар туралы ертегілердің алты тобын бөліп көрсетеді: 1) жабайы жануарлар; 2) жабайы және үй жануарлары; 3) адам және жабайы жануарлар; 4) үй жануарлары; 5) құстар, балықтар және т. б.; 6) басқа жануарлар, өсімдіктер және т.б. [2]. Жануарлар туралы ертегілердің ерекшелігі жануарлардың ойлауы мен сөйлеуінен, яғни қарым-қатынасқа түсуінен көрінеді. Әдетте, жануарлар туралы ертегілерде қандай да бір түрде көрінетін коммуникативтік жағдайлар – іс-әрекеттерді, сөздерді, мінез-құлықты бағалау, яғни бұл жағдайда коммуникативтік стратегияларды бағалау өзекті болады. Коммуникативті құзыреттілік дегеніміз – тек тілдік құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жағдайда сөзді қолдану дағдыларын, тәсілдерін қамтитын кең ұғым. Бұл сөйлеу этикетін, коммуникативті стратегияларды, яғни әртүрлі сөйлеу актілері шеңберінде белгілі бір мәдениетке тән сөйлеу мінез-құлқын білу, бір мәдениетті екіншісіне бейімдеу стратегиялары мен тактикасын білу, оны жүзеге асыру барысында лакундар мен коммуникативті кедергілерді жою [3, 56 б.].

О.С. Иссерс коммуникативтік стратегияларды талдау бірлігі ретінде диалогты анықтайды. «Коммуникативтік тактиканы іске асыру құралы коммуникативтік қадам болып табылады: диалог – коммуниканттардың бірінің диалогтық өзара іс-қимылы» [4, 56 б.]. Сондықтан біздің зерттеуіміздің нысаны – жануарлар туралы ертегілерде ұсынылған диалогтар және осы диалогтық бірліктерді сипаттайтын бағалау стратегиялары. Қоршаған әлемге баға беру – адамның негізгі қабілеттерінің бірі. Бағалау категориясын қарастыра отырып, коммуникативтік стратегиялар деп біз

сөйлеушінің бағалау стратегияларын іске асыруға ықпал ететін жағымды/жағымсыз әрекеттерге, құбылыстарға, объектілерге қатысты сезімдері мен коммуникативтік көзқарастарын білдіруге бағытталған экспрессивті мақсаты бар сөйлеу әрекеттерінің жиынтығын түсінеміз.

Шындық пен адамның өзара әрекеттесуін көрсетудің маңызды аспектілерінің бірі – бағалау. Дүниетаным, табиғи деректер, адамның тәрбиесі, білімі, оның өмірі өтетін тарихи және әлеуметтік фон – мұның бәрі адамда белгілі бір құндылықтар жүйесін дамытады, оған сәйкес ол қоршаған шындыққа баға бере алады. Осылайша, әлем бейнесінің құндылық сипаты туралы идеяларға сүйене отырып, жақсылық пен жамандық категорияларына, сәйкесінше «жақсы» және «жаман» ұғымдарына бөлу туралы айтуға болады. Ертегілерде бұл «жақсылық – жамандық» дуализмінен көрінеді, бұл жануарлар ертегілерінің эмоционалды-бағалау кеңістігінде жеткілікті түрде көрсетілуі керек. Осыған байланысты, дәл осы ертегілер бағалау категорияларының, атап айтқанда, кейіпкерлердің диалогтерінде жүзеге асырылатын коммуникативтік стратегиялар көріністерін талдау үшін құнды материалға айналады.

Жануарлар туралы ертегілер мәтініндегі коммуникативтік стратегияларды талдау келесі ерекшеліктерді анықтайды: коммуникативтік стратегиялар әдетте мақтау коммуникативтік тактикасы арқылы жүзеге асырылады. Көбінесе ертегілерде еңбекқорлық, іске адал көзқарас, шеберлікті қолдауды тудырады. Мақтау коммуникативтік стратегиялары сонымен қатар өзін-өзі таныстыру және өзін-өзі мақтау тактикасы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Е.П. Ильин өзінің «Психология общения и межличностных отношении» еңбегінде былай деп жазады: «Адамға жағымды әсер етудің бір түрі – мақтау, яғни адамды қолдау, оның еңбегін немесе іс-әрекетін жоғары бағалау. Әр адам мақтауға мұқтаж» [5, 98 б.].

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, мақтау коммуникативтік стратегиялары жануарлар туралы ертегілерде ирониялық мақсаттарда қолданылады, ұжымдық бейсаналық жағдайда осы техниканың көмегімен әлеуметтік-адамгершілік сипаттағы кемшіліктер мазақ етіледі. Мақтау коммуникативтік стратегияларын сатиралық мақсатта қолдану белгілі бір көркемдік техникаға айналады, ол ертегілерде соншалықты өзекті болатын белгілі бір ирониялық астырт мағына жасайды.

Мақтау коммуникативтік стратегиясын келесі тактикалар ұсынады: мақұлдау; мақтау және эмоционалды реңк беретін сипаттау; қолдау; назар аудару; салыстыру; ирония; тану; ризашылық. Ең жиі қолданылатындары – мақұлдау, ирония, сипаттау тактикасы, ал ризашылық білдіру тактикасы сирек кездеседі және әдетте әдептік немесе салттық сипатта болады. Мақтау коммуникативтік тактикасы әртүрлі коммуникативтік қадамдарды білдіреді, мысалы, салыстыру, эмоционалды үндеу, экспрессивті стилистикалық оралымдар, айтылымдағы сөйлемдердің орын тәртібінің ауысуы және басқалар.

Біздің ойымызша, мақтаудың бағалау пәні – адамның адамгершілік және ақыл-ой қасиеттері, іс-әрекеттері, адамның сыртқы келбеті немесе мінез-құлқы. Мадақтауды бағалаудың мәні – адресаттың сыртқы келбеті, мүлкі және адресаттың жетістіктері ретінде түсінілетін әрекеттері. Жағымпаздықты білдірген кезде бағалаудың мәні адресаттың сыртқы келбеті, оның моральдық және интеллектуалдық қасиеттері, дағдылары, жетістіктері мен әрекеттері болуы мүмкін, яғни жағымпаздық мақтау немесе мадақтау ретінде тұжырымдалады. Мақтау мен мадақтау сөздерінен жағымпаздықты ажырату сөйлеушінің ниетін талдауға мүмкіндік береді. Сөйлеушінің ниеті объект туралы өзінің жағымды бағалау пікірін білдіруге, сонымен қатар адресаттың мінез-құлқын реттеуге, онымен байланыс орнатуға, үйлесімді қарым-қатынас жасауға, оны басқаруға, коммуникативтік рәсімді сақтауға және т.б. көмектеседі. Әртүрлі мәдениеттердегі коммуникативтік стратегиялардың жиынтығы бір типті болып көрінеді, ал айырмашылықтарды оларды қолдану жиілігінде, вербализация әдістерінде, олардың таңдауын анықтайтын жас, әлеуметтік, рөлдік детерминанттардан іздеу керек. Коммуникативтік стратегияларды іске асырудың белгіленген аспектілерін зерттеу әртүрлі этностардың сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін бақылауды жүйелеуге мүмкіндік береді. Мақтауды жүзеге асыруда эмоционалды-бағалаушы зат есімдер мен сын есімдердің және үстеулер, шылаулар, өздік есімдіктер, одағай сөздер сияқты күшейткіштердің алатын орны ерекше. Лексикалық-стистикалық және функционалды-грамматикалық тіл маркері – жағымды коммуникативтік жағдайда мақтауды немесе мадақтауды көрсететін белгілі бір қосымша коннотациясы бар лексема немесе сөз тіркесі не сөйлем. Көптеген жағдайларда мақтау мен мадақтауды білдірудің негізгі құралы жекеше және көпше түрдегі күрделі сын есімдер, сондай-ақ басқа сөйлем мүшелерімен тіркесетін сын есімдер мен дара сын есімдер. Мақтауды мағынасы немесе интонациясы бойынша ажыратуға болатын контексттер болады. Жағымды сөйлеу әрекетін білдіру құралдары ретінде бағалаушы зат есімдер, кей жағдайда эпитеттер мен сұраулы сөйлемдер жүреді. Сын есім мақтауға да, мадақтауға да тән негізгі тілдік таңба. Мәселен, «Піл мен маймыл» ертегісінде піл мен маймыл өз бойларындағы артықшылықтарды айтып отырып, дауласып қалады. Бірінің айтқанына бірі көнбепті. Дауды шешу үшін үкіге келеді. Үкіге анығын айырып беруін сұрайды. Піл «О, орманның ақылгөйі, біздің ақылгөйіміз» деп үкінің ақылдылығын мақтайды [6, 15 б.]. «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» ақылгөй сөзіне келесідей анықтама береді: ақыл айтушы, ақыл беруші. Тәжірибелі, данышпан және үлкен парасат иесіне қарата айтылатын сөз [7, 23 б.]. Мұнда «ақыл» сөзіне зат есімнен сын есім тудыратын «гөй» жұрнағы жалғанған. А. Жұбанов «Корпустық лингвистика» еңбегінде «-қой, (-ғой, -гөй) жұрнағы кейбір зат есім есім сөздерге жалғанып, амал-әрекет пен мінез-құлықтардың атауы болатын туынды сын есім тудырады» деп жазады [8, 127 б.]. Тіл бірлігі



ретінде одағай сөздер адресат пен адресант арасындағы ерекше қатынас құралы болып табылады. Қарым-қатынасқа қатысушылардың тұлғасын адресанттың одағай сөзді қолдану ерекшеліктері мен адресаттың нақты жауабы арқылы сипаттауға болады. Кез келген коммуникативтік әрекетте одағай сөз прагматикалық сипаттағы бірнеше функцияларды орындайды. Сол арқылы сөйлеушінің эмоционалдық күйін және оның сөйлеу ниетін ашуға көмектеседі. Адресант одағай сөздердің көмегімен адресатқа әсер етіп, оның болып жатқан жағдайға қатынасын өзгерте алады. Одағай сөздердің сөйлемнің басында орналасуы назарды аударуға көмектеседі. Тыңдаушыны немесе оқырманды белгілі бір әрекеттерді жасауға ынталандыруы да мүмкін. Жалпы, одағай сөздерді қолдану сөйлемнің эмоционалды компоненттерінің күшеюіне әкеледі. Бұл сөйлемдегі «О» одағай сөзі үкінің назарын өздеріне аудару мақсатында қолданылады. Ертегіші коммуникативтік стратегиясының мақтау тактикасын «ақылғөй» сын есімі мен эмоционалды реңк тудырушы «О» одағай сөзін сәтті қолдану арқылы жүзеге асырады.

«Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» ертегісінде төрт дос болыпты. Шөп шабылады, су да табылады. Түйенің азығы түгел болған соң, екі өркеші баладай, әбден жетіліп семіріпті. Түлкіге тышқан жоқ, қасқырға қой жоқ, арыстанға ең аяғы қоян да жоқ. Бұларға арықтық кіріп, аштық жүдете бастайды. Үшеуі түйені күндеп, түлкі қулыққа көшіп, түйені алдай бастайды. Екеуі тамақ аулап кеткенде, түлкі түйенің қасына келіп, жылайды. Не үшін жылағанын сұраған түйеге түлкі оның бір төбе, басқалары бір төбе, олардың арасындағы көрнекті де, көріктісі өзі екендігін айтады. Тіпті түйені көріп, ішпей мас, жемей тоқ боп жүретіндіктерін, одан айрылып қалса, құты қашып, қарындары ашатындығын айтып жылайды [6, 28 б.]. Берілген сөйлемдегі мақтау тактикасын орындаушы «көрнекті» сөзіне «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» сын есім ретінде «белгілі, танымал, әйгілі», ал «көрікті» сөзіне «ажарлы, сұлу, сәнді, көз тартатын, көркем» деген мағыналар беріледі [9]. Мысалы, «ішпей мас, жемей тоқ боп жүру» тұрақты тіркесінде риза болу, көңілі толу, «құты қашу» тұрақты тіркесінің астарында берекесі кету, мазасыздау мәні жатыр. Сонымен қатар, І. Кеңесбаев «Фразеологиялық сөздігінде» «бір төбе» тіркесін «ерекше, өзінше бір бөлек», «қарасын көру» тіркесін «көзге түсті, сырт тұлғасын көріп қалу» деп анықтайды [10, 76 б.]. Осы ретте, ертегіші мақтау тактикасын жүзеге асыруда ертегі мәтінінде стилистикалық тәсіл ретінде тұрақты сөз тіркестері мен сын есімдерді қолданады.

Келесі «Ақымақ қасқыр» ертегісінде қасқыр ешкіні жегісі кеп бас салғанда, ешкі қой тұрғанда ешкі қасқыр жемейтінін, өзінің қарапайым ешкі емес, тойда торқа киетін, билейтінін судыратып жеткізеді [6, 42 б.]. Мұнда ешкі қасқырдың ата-анасын мақтап, жанын сақтағысы келеді. Мұндағы «судырау» етістігі бір жерде тұрмай, тоқтамай ағу мағынасын білдіргенімен, ауыспалы мағынада өтірік айту мағынасын білдіріп тұр. І. Кеңесбаевтың

«Фразеологиялық сөздігінде» «тойда билеп, торқа киген» сөз тіркесінің мағынасын «жай біреу емес, өнерлі деген мағынада айтылып тұр» деп анықтайды [10, 277 б.]. Қазақы танымда қой – төлшіл, берекелі түлік. Әдетте тойға келген қонақтардың қоғамдағы орны, әлеуметтік мәртебесіне сай малдың сыйлы мүшелерінен бастабақ тартылады. Бастабаққа қойдың басы, жал-жая, жілік түрлері мен жамбас салынады. Ертегідегі «қой тұрғанда олар ешкіні жемеуші еді» сөйлемінің мәні осында жатыр. Ал қазақы стереотип бойынша ешкі сүйкімсіздеу мал. Оның бар қасиеті тек тастан тасқа секіріп, секендеп жүру. Ешкінің бейнесін келесідей мақал-мәтелдер ашады: «Қотыр теке, қора былғар», «Серке еті – ем, ешкі еті – жел», «Селтендеген – жігіттің соры, Секендеген – серкенің соры». Ертегіші берілген сөйлемде қазаққа сай тынымдық көзқарас пен тұрақты сөз тіркестерін сөйлеушінің мақтау тактикасын іске асыру үшін пайдаланады.

Коммуникативтік стратегиялардың келесі тактикасы – ұсыныс (кеңес беру). Біреуге бір нәрсе ұсынудың негізінде мәселені шешудің жаңа мүмкіндігі көрінеді. Субъектінің ұсынысты қабылдауы ұсынылатын адамның беделіне, ұсыныстың тартымдылығына, субъектінің жеке басының ерекшеліктеріне байланысты болады. Мәселен, «Сауысқан мен көкек» ертегісінде бір орманды мекен ететін сауысқан мен көкек сөз болады. Олардың ұялары жоқтығынан сауысқан көршісіне ұя салуға өтініш тастайды. Дегенмен бұл ұсынысқа көкек келіспейді. Бұл ұсынысқа көкектің келіспеуінің себебі – оның жалқаулығы. Көкек өзінің ұя салуға қуатының да, қауқарының да жоқтығын жеткізеді. «Керек» деп қақсай берсе, ағайын құстар көмектеседі деп сенеді [6, 37 б.]. Берілген сөйлемдегі «қауқары жоқ» тұрақты сөз тіркесі әлсіреу, күш қуаты кему мағынасын білдіріп тұр. «Қақсай беру» ауыз жаппай бір затты айта беру мағынасында жүреді. Көкек сауысқанның ұсынысын өзіне деген аяушылық сезімін тудыру арқылы, ағайынның көмегіне сенім білдіру арқылы қабылдамайды.

«Залым түлкі» ертегісінде түлкі арыстанға келесі бір таудың сілемінде бау барын, соның ар жағында сайдың барын, сол сайда маңырап жайылып жүрген сансыз қой жүргенін айтып, бірге баруына ұсыныс жасайды. Бұл ұсынысты қарны ашып отырған арыстан бірден қабылдайды. Түлкі «балбырап тұрған бау, көкорай шалғын сай, сансыз көп қой, шылқа май» сынды асыра мақтаулар арқылы аң патшасы арыстанды өзінің көздеген мақсатына қызықтыра отырып, көндіреді. «Шіркін-ай, шылқа майға бір кенелер едік-ау!» деп армандап қояды [6, 34 б.]. «Шіркін-ай» көңіл-күй одағайын пайдаланып, оқиғаны одан әрі асыра сипаттап тұр. Келесі қолданылып тұрған «кенелер едік-ау» тіркесіндегі -ау демеулік шылауы болашақта болатын оқиғаға қызықтыра түседі. Арыстанды аға деуінің астарында өзінен күшті аңға жағымпаздану арқылы өзінің мақсатына жетеді.

Коммуникативтік стратегияның келесі тактикасы – сендіру. Сендіру аналитикалық ойлауға сүйенетіндіктен, логиканың күші, дәлел,

психологиялық әсері болады. Жеке адамның санасына әсер ету арқылы жүретін әдіс болғандықтан белгілі бір мәселені шешудің әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді. Мәселен, «Әтеш пен тоты» ертегісінде баяғыда аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты. Ол өзінің әдемілігіне маңғазданып, қоқыраяды да жүреді екен. Оның жалғыз досы – тоты құс болыпты. Тоты құстың жөнді киімі болмай, бір күні тоты құс әлгі кербез әтешке келіп жалына киім сұраған екен. Әтеш досының сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп, тоты құс бар әдемі киімді киіп, тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Бұл ертегіде ертегіші «ел мазақтайды», яғни қытығына, намысына тиіп, мұқатады және «қиыла жалыныпты» тіленіп-өтініп сұрау мағынасындағы етістіктерді қолдана отырып, сендіру тактикасын әсірелей түседі.

«Ақымақ қасқыр» ертегісінде қасқыр көп қойдың ішінен бөлініп қалған арық қойды жегісі келіп, бас салғанда, қой аңқаулығына қарамастан, алдап кетеді. Кейіннен ешкіге жолығып, қулығын асырғанын білмей қалады. Ешкінің билейтінін естімеген қасқыр ешкінің сөзіне сеніп қалады. Билеген боп, ешкі олай, бұлай секіре, секіре, жылт беріп, көп қойдың арасына кіріп кетеді. Соңында, қойшы да келіп, ешкі аман құтылады. Мұнда ертегіші «қарны қампиған, бұты тыртиған, аузында ақ тісі жоқ, бір асам еті жоқ, тұла бойы шандыр» деген кемсіту, мұқату мәніндегі сөздерді пайдалу арқылы қойдың сөзіне қасқырды сендіріп тұр. «Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?» деген сөйлемдегі жылы-жұмсақ сөзінің астарында еттің ең қонды, дәмді жерлерін айтып тұрғаны белгілі. Олай болса, осы жылы-жұмсақпен қызықтырып, «сен жемегенде, кім жейді?» деп қасқырды қолпаштап, мақтау арқылы сөзіне сендіреді [6, 70 б.].

Коммуникативтік стратегияның келесі тактикасы – өтініш. Өтініш субъектінің ниетіне көбірек әсер етеді, егер ол түсінікті және сыпайы түрде тұжырымдалған болса және өтінішті орындау оған қандай да бір қолайсыздықтар тудыратын болса, оның бас тарту құқығын құрметтеу керек. Субъектінің мотивациялық процесінің сыртқы бастамасының бұл түрі біреу көмекке мұқтаж болған кезде қолданылады. Бұл арқылы жоғары лауазымды адамға өтініш білдіру, өтініш берушінің тәуелдігі сынды элементтер көрінеді. Мәселен, «Ұлар мен қарға» ертегісінде қарға мен ұлар кімнің күшті, кімнің әлсіз екендігін анықтағысы келіп, күресіп күш сынасады. Қарға сүрініп кеткен ұларды жеңіпті. Жеңілген ұлар қарғадан өзін «сүттен ақ, судан таза» болғандықтан тұмсығын жуып жеуін сұрайды [6, 49]. Ұлардың өтінішіндегі «сүттен ақ, судан таза» тұрақты тіркесі кіршіксіз таза мағынасын білдіреді. Бұл ертегіде қарға өз мақсатына жету үшін барлық ертегі кейіпкерлеріне (құдық, көзе, сағыз топырақ, киік, тау, орақ) өз өтінішін білдіреді.

### **Қорытынды**

С. Қасқабасов пен В. Пропп зерттеулері негізінде жануарлар туралы



ертегілердің тәрбиелік, үлгі беру сипаттары айқындалып, коммуникативтік жағдайлардың оқырманға ықпалы тактикалар арқылы жүзеге асырылатыны анықталған. Ертегілердегі коммуникативтік стратегиялардың бірі – бағалау. Коммуникативтік стратегияның ертегілерде көрінісі еңбекқорлық, іске адал көзқарас, шеберлікті қолдаудан көрінеді. Екінші тактика адресаттың сыртқы келбетінен, мүлкі және адресаттың жетістіктерінен көрінетін әрекеттерін мақтаудан анықталады. Ертегіде жағымпаздықты білдірген кезде бағалаудың мәні адресаттың сыртқы келбеті, оның моральдық және интеллектуалдық қасиеттері, дағдылары, жетістіктері мен әрекеттерінен айқындалады. Жағымпаздық мақтау немесе мадақтау ретінде тұжырымдалады. Мақтау мен мадақтау сөздерінен жағымпаздықты ажырату сөйлеушінің ниетін талдауға мүмкіндік береді. «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан», «Ақымақ қасқыр» ертегілерінде мақтау тактикасы қолданылған. Ұсыныс коммуникативтік стратегиясы туындаған мәселені шешу жолында сол ситуациядан шығудың жолын көрсетеді. «Сауысқан мен көкек», «Залым түлкі» ертегілерінде ұсыныс беру тәсілі қолданылған. «Әтеш пен тоты», «Ақымақ қасқыр» ертегілерінде сендіру тактикасы қолданыс тапқан. Бұл ертегіде қиындыққа тап болған кейіпкердің өзінен әлді кейіпкерді сендіре отырып, өзін бәледен аман алып қалуынан көрінеді. Өтініш білдіру тактикасы ертегіде кейіпкердің ниетіне әсер етуден, әлді мен әлсіз қатынасынан көрінеді. Бұл «Ұлар мен қарға» ертегісінен анықталады.

Адам әрекеті, қасиеттері мен әртүрлі құбылыстардан ұқсастық іздестіріліп, олар адамның сөйлеу әдетінен көрінеді [11]. Бір-біріне өтініш білдіреді, мақтайды, сендіреді, ұсыныс айтады. Сол секілді өз мақсаттарына жету үшін жануарлар туралы ертегі кейіпкерлері де белгілі бір коммуникативтік стратегия мен тактикаларды қолданады. Осылайша зерттеу мақаламызда ертегілерде қолданылатын коммуникативтік стратегияның бес түрлі тактика арқылы жүзеге асатынын көреміз.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Қасқабасов С. Фольклор туралы. – Алматы: Жібек Жолы. – 2009. – 303 б.

[2] Пропп В. Морфология волшебной сказки. – М.: Лабиринт. – 2006. – 224 с.

[3] Кульбаева Б.Т. Адаптационная стратегия формирования межкультурной компетенции // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Филологические науки». – Алматы, 2021. – №2(61). – С. 48-60.

[4] Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. – М.: ЛЕНАНД. – 2017. – 308 с.

[5] Ильин Е. П. Психология общения и межличностных отношений. – СПб.: Питер. – 2009. – 576 с.

[6] Жануарлар туралы ертегілер жинағы. – Алматы: «Аруна» баспасы. – 2017. – 72 б.

[7] Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019. – 596 б.

[8] Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика / А.Қ. Жұбанов, А.Ә. Жаңабекова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы. – 2016. – 336 б.

[9] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8 - том / Құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы. – 2011. – 744 б.

[10] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат. – 2007. – 356 б.

[11] Турлыбекова И.А., Нуркенова С.С. Сөйлеу мінез-құлқына қатысты фразеологизмдердің сөзқұмарлықтың көрінісі // ҚазҰУ хабаршысы. «Филология» сериясы. – 2022. – №4(188). – Б.125-138.

## REFERENCES

[1] Qasqabasov S. Föklor turaly [About folklore]. – Almaty: Jıbek Joly. – 2009. – 303 b. [in Kaz.]

[2] Propp V. Morfologia volşebnoi skazki [Morphology of a fairy tale]. – М.: Labirint. – 2006. – 224 s. [in Rus.]

[3] Külbaeva B.T. Adaptasionnaia strategia formirovania mejkülturnoi kompetensii [Adaptation strategy for the formation of intercultural competence] // İzvestia KazUMOimÄ imeni Abylai hana. Seria «Filologicheskie nauki». – Almaty, 2021. – №2(61). – S. 48-60. [in Rus.]

[4] İssers O.S. Komunikativnye strategii i taktiki ruskoi rechi [Communicative strategies and tactics of Russian speech]. – М.: LENAND. – 2017. – 308 s. [in Rus.]

[5] İlin E. P. Psihologia obşenia i mejlichnostnyh otnoşeni. [Psychology of communication and interpersonal relations]. – SPb.: Piter. – 2009. – 576 s. [in Rus.]

[6] Januarlar turaly ertegiler jinağy [Dictionary of foreign words of the Kazakh language]. – Almaty: «Aruna» baspasy. – 2017. – 72 b. [in Kaz.]

[7] Qazaq tılınıñ kırme sözder sözdıgı / Qūrastyrgāndar: Ş. Qūrmanbaiūly, S.İsaqova, B.Mizamhan jāne t.b. – Almaty: «Ūlttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory. – 2019. – 596 b. [in Kaz.]

[8] Jūbanov A.Q. Korpustyq lingvistika [Corpus Linguistics] / A.Q. Jūbanov, A.Ä. Jañabekova. – Almaty: «Qazaq tılı» baspasy. – 2016. – 336 b. [in Kaz.]

[9] Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyq. 8 - tom / Qūrast.: Q. Kūderinova, O. Jūbaeva, M. Jolşaeva jāne t.b. – Almaty. – 2011. – 744 b. [in Kaz.]

[10] Keñesbaev I. Qazaq tılınıñ frazeologialyq sözdıgı [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: QazAqparat. – 2007. – 356 b. [in Kaz.]

[11] Turlybekova İ.A., Nurkenova S.S. Söileu minez-qұлqyna qatysty

frazeologizmderdiñ sözqūmarlyqtyñ körimisi [Expression of verbosity of phraseology related to speech behavior] // QazĪU habarşysy. «Filologia» seriasy. – 2022. – №4(188). – B.125-138. [in Kaz.]

## КОММУНИКАТИВНЫЕ СТРАТЕГИИ В ТЕКСТЕ СКАЗОК О ЖИВОТНЫХ

\*Жетесова Ж.А.<sup>1</sup>, Исакова С.С.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup> Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова  
Актобе, Казахстан

**Аннотация:** В статье рассматриваются коммуникативные стратегии и тактики, реализуемые в казахских народных сказках о животных. Анализ текстов показал, что коммуникативная стратегия играет ключевую роль в диалогах персонажей. Цель исследования – выявить и описать основные коммуникативные стратегии и тактики в сказках о животных.

Научная и практическая значимость статьи заключается в анализе сказок и определении пяти тактик коммуникативной стратегии: оценки, похвалы, предложения, убеждения и просьбы. В исследовании использованы общенаучные и специальные лингвистические методы, включая синтез, анализ, описание, контекстно-интерпретационный и конверсионный анализ.

Анализ опирается на теории В. Я. Проппа, С. Каскабасова, а также на труды О. С. Иссерса и Е. П. Ильина. Одной из ключевых стратегий является оценочная, предполагающая выражение говорящим своего отношения к положительным и отрицательным поступкам, явлениям и объектам. Тактика похвалы в сказках направлена на оценку нравственных и умственных качеств, поступков и поведения персонажей.

Практическая значимость исследования заключается в углублении понимания коммуникативных стратегий в сказках и взаимодействия персонажей через тактики речевого поведения.

**Ключевые слова:** коммуникативная стратегия, тактика, оценка, диалог, похвала, убеждение, просьба, предложение

## COMMUNICATIVE STRATEGIES IN THE TEXT OF FAIRY TALES ABOUT ANIMALS

\*Zhetesova Zh.A.<sup>1</sup>, Issakova S.S.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup> Aktobe Regional University named after K. Zhubanov  
Aktobe, Kazakhstan

**Abstract.** This article examines the communicative strategies and tactics implemented in Kazakh folk tales about animals. The analysis of fairy tale texts has shown that communicative strategy plays a key role in the structure of dialogues. The purpose of the study is to identify and describe the main communicative strategies and tactics in animal tales.

The scientific and practical significance of the article lies in the analysis of fairy tales and the identification of five communicative strategy tactics: evaluation, praise, suggestion, persuasion, and request. The research employs general scientific and specialized linguistic methods, including synthesis, analysis, description, contextual-interpretative, and conversion analysis.

The analysis is based on the theories of V. Ya. Propp, S. Kaskabasov, as well as the works of O. S. Issers and E. P. Ilyin. One of the key strategies is the evaluative one, which involves the speaker's expression of attitude toward positive and negative actions, phenomena, and objects. The praise tactic in fairy tales focuses on evaluating the moral and intellectual qualities, actions, and behavior of the characters.

The practical significance of the study lies in deepening the understanding of communicative strategies in fairy tales and the interaction of characters through speech behavior tactics.

**Keywords:** communicative strategy, tactics, assessment, dialogue, praise, persuasion, request, offer

*Мақала түсті: 07 желтоқсан 2023*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Жетесова Жанар Алмасовна – докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: zhanar\_almasovna@mail.ru, <http://orcid.org/0000-0002-7594-1695>

Исакова Сабира Сагынбековна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: sabira-i@yandex.kz, <http://orcid.org/0000-0003-2986-8885>

***Информация об авторах:***

Жетесова Жанар Алмасовна – докторант, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: zhanar\_almasovna@mail.ru, <http://orcid.org/0000-0002-7594-1695>

Исакова Сабира Сагынбековна – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: sabira-i@yandex.kz, <http://orcid.org/0000-0003-2986-8885>

***Information about the authors:***

Zhetessova Zhanar – doctoral student, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: zhanar\_almasovna@mail.ru, <http://orcid.org/0000-0002-7594-1695>

Issakova Sabira – Doctor of Philological Sciences, Professor, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: sabira-i@yandex.kz, <http://orcid.org/0000-0003-2986-8885>